

Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебі

Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Р/с	Отырыс, іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	1. 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие қызметін талдау. 2. 2022-2023 оқу жылына мектептің дайындығы 3. «Мектепке жол» республикалық акциясының барысы туралы ақпарат. Ақция барысында көрсетілген көмек туралы есеп 4. «ҚР үкіметінің 08.08.2022 жылғы №544 қаулысы негізінде жекелеген санаттағы оқушыларға қаржылай көмекті ұйымдастыру»	Тамыз	Мектеп директоры Мектеп директоры Әлеуметтік педагог Әлеуметтік педагог
2	4. Қамқоршылық кеңесінің құқықтық-нормативтік базасы. Қамқоршылық кеңесі туралы ережемен, мектеп Жарғысымен танысу. Мектептің Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту. 1. Бағалар үшін ыстық тамақ ұйымдастыру жағдайы. 2022-2023 оқу жылына арналған жеңілдетілген санаттар үшін тегін тамақтануды ұйымдастыру.	Желтоқсан	Кенес төрағасы Әлеуметтік педагог
3	1. Мектептегі жайсыз отбасы оқушыларына көмек көрсету 2. Мектеп аумақтарын және мектепті абағтандыруға қатысу	Наурыз	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес
4	1. Жазғы демалыста оқушылардың жазғы демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру. 9-11 сынып оқушыларының жұмыс пен оқуға қамтылуын қадағалау. 2. 2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмысы туралы есеп.	Мамыр	Қамқоршылық кеңес төрағасы ДТДЖО

Қамқоршылық кеңес төрағасы

И. Сүйесінов



**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің құрамы**

№	Аты-жөні	Лауазымы, міндеті	Қызметі	Телефоны
1	Суйесинов Игилик Нурданович	Кеңес төрағасы	Зейнеткер	8702-406-29-70
2	Елтоқ Бекарыс	Кеңес төрағасының орынбасары	Жұмыспен қамту орталығының маманы	8778-442-61-74
3	Туремуратов Газиз Тажигосович	Кеңес мүшесі	Зейнеткер	8702-694-82-82
4	Карымсакова Айгуль Мухамбеталиевна	Кеңес мүшесі	Ата-ана	8778-505-24-81
5	Қалиева Айсұлу Бітімбайқызы	Кеңес мүшесі	Кәсіпкер	8702-695-18-88
6	Жартыбаев Марат Марқабайұлы	Кеңес мүшесі	«Казмұнайгаз» компаниясына қарасты жанар- жағармай бекетінің басшысы	8775-197-44-79
7	Төлегенов Жанпейіс Матжанович	Кеңес мүшесі	Ата-ана	8771-686-01-11
8	Есенғазин Жұмабек Омарғалиұлы	Кеңес мүшесі	Жеке кәсіпкер	8705-474-26-82
9	Ахметов Нұрлан Ахтанұлы	Кеңес мүшесі	Ата-ана	87711199444

Мектеп директоры



А.Р.Тлеулина

ХАТТАМА № 4

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі
Қамқоршылық кеңестің отырысы

Өткізілген уақыты: 23.08.2022 жыл
Өткізілген орны: Акт залы
Отырыстың төрағасы: И.Сүйесінов
Қатысқандар: 9
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Жалпыға білім беру қорынан аудандық білім бөлімі арқылы берілген мектеп сумкасы мен оқу құралдарын жекелеген санаттағы отбасы балаларына таратуды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы А.Б.Қарамұқан: Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж 123 жекелеген санаттағы (атаулы әлеуметтік көмек алатын, жан басына шаққандағы табысы төмен, көп балалы, жетім, жартылай жетім, толық емес отбасы) отбасы балалары жалпыға білім беру қорынан 2022-2023 оқу жылында мектеп сумкасы, оқу құралдарымен қамтылды.









Қаулы:

1. Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебіндегі оқушыларға жалпыға білім беру қорынан берілген мектеп сумкасы, оқу құралдары жекелеген санаттағы отбасы балаларына таратылып берілуі ұйымдастырылсын. Осы қаулыны қадағалап отыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Әлжановқа міндеттелсін.

Кеңес төрағасы:  И.Сүйесінов

Кеңес хатшысы:  Г.Табынбай

Мүшелері:

 Б.Елтоқ
 Ф.Төремұратов
 А.Қарымсақова
 А.Қалиева
 Ж.Есенғазин
 Е.Жаманбай
 М.Жартыбаев
 Ж.Төлегенов

ХАТТАМА № 5

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі
Қамқоршылық кеңестің отырысы

Өткізілген уақыты: 27.05.2022 жыл
Өткізілген орны: Акт залы
Отырыстың төрағасы: И.Сүйесінов
Қатысқандар: 9
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қалған балалардың тұрғын үй жинақ банкідегі есеп шотына қайырымдық шараларынан түскен қаражатты аудару жұмысына талдау.
2. Жекелеген санаттағы отбасы балаларын, жетім балаларды, өз отбасынан бөлек тұратын балаларды, өгей әкемен тұратын балаларды, аудандық полиция бөлімінде есепте тұратын балаларды, жағдайсыз жанұяда тәрбиеленіп жатырған балаларды жазғы каникул кезінде, лагерьге тартуды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. А.Әлжанов мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жармағамбетов атындағы орта мектебі бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж 123 жекелеген санаттағы (атаулы әлеуметтік көмек алатын, жан басына шаққандағы табысы төмен, көп балалы, жетім, жартылай жетім, толық емес отбасы) отбасы балалары бар, сонымен қатар екі жетім оқушы, 13-өз отбасынан бөлек тұратын оқушы, аудандық полиция бөлімінде жағдайсыз жанұя есебінде тұратын отбасының 4-оқушысы, полиция бөлімінде есепте тұратын 1-оқушы, өгей әкемен тұратын 2-оқушы, осы оқушыларды мектеп жанындағы лагерьге, облыстық лагерьлерге, республика көлеміндегі лагерьлерге тарту жоспарланып отыр.


Қаулы:


1. Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебіндегі жекелеген санаттағы отбасы балаларын, өз отбасынан бөлек тұратын оқушыларды, аудандық полиция бөлімінде жағдайсыз жанұя есебінде тұратын отбасының оқушыларын, полиция бөлімінде есепте тұратын 1 оқушыны, өгей әкемен тұратын 2 оқушыны, мектеп жанындағы лагерьге жекелеген санаттағы оқушылар толмаған жағдайда, басқада санаттағы оқушылармен толықтыру, облыстық лагерьлерге, республика көлеміндегі лагерьлерге таратуды ұйымдастыру қадағалап отыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Әлжановқа міндеттелсін.


Кеңес төрағасы:  И.Сүйесінов


Кеңес хатшысы:  Г.Табынбай

Мүшелері:  Б.Елток


 Ф.Төремұратов


 А.Қарымсакова

 А.Қалиева

 Ж.Есенгазин

 Е.Жаманбай

 М.Жартыбаев

 Ж.Төлегенов

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі

Қамқоршылық кеңестің отырысы

ХАТТАМА № 1

Өткізілген уақыты: 30.08.2022 жыл

Өткізілген орны: Акт залы

Отырыстың төрағасы: И.Сүйесінов

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие қызметіне талдау.
2. «Мектепке жол» республикалық акциясы шеңберінде ұйымдастырылып жатқан жұмыстар және жалпыға білім беру қоры арқылы ұйымдастырылып жатқан материалдық көмектер туралы
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін ауыстыру туралы

Тыңдалды:

1. А.Әлжанов директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің ішкі тәртіп Ережесі оқу жылының басында қамқоршылық кеңесі мүшелерінің келісімімен бекітілді. Ішкі тәртіп ережесіне сәйкес, бірыңғай мектеп формасын сақтау керектігі барлық ата-аналарға ескертілді. Ішкі тәртіп ережесінде мектепке алып келуге тыйым салынған заттар тізімі енгізілді. Ережеге сәйкес, мектеп инспекторы, психолог, әлеуметтік педагог, ата-аналар комитетінің мүшелері бірігіп, рейд жұмыстарын жүргізіп отырады. Өткізілген рейд нәтижесі оң баға беріп, мектепке алып келуге тыйым салынған заттар табылған жоқ. Білім алушылармен мектептің ішкі тәртіп ережесі толық сақталады.

Мектеп оқушылары мектепішілік және мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі әртүрлі үйірме жұмыстарына қатысып отырады. Барлығы 681 оқушы өз білімдерін жетілдіруде. Сонымен қатар оқу- тәрбие қызметі бекітілген жоспарға сәйкес, әртүрлі іс-шаралар жүргізіліп отырады.









2. Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы А.Қарамұқан: Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында жекелеген санаттағы оқушылардың ата-аналарының өтініштері бойынша материалдық көмек алуға өтініштері қабылданып, балалар спорттық киім, спорттық аяқ киім, мектеп сумкасы оқу құралдарымен қамтылуда. Мектепке жол республикалық акциясы шеңберінде мектебіміздің әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы білім алушыларына қажетті киім-кешек, оқу құралдары, мектеп сумкасы аудандымыздағы мекеме қызметкерлерінің демеушілігімен көмектер көрсетілді. Атап айтар болса, «Нұр-Отан» партиясының Байғанин аудандық филиалы, аудандық аурухана ұжымы, Байғанин ауданының мұрағаты ММ, «Жем-Сағыз» аудандық газетінің редакциясы, «Рахат» сауда үйі, «АҚ-НҰР-АЙ» мейрамханасының иесі акция шеңберінде қолдау білдіріп, демеушілік жасады.

3. Қамқоршылық кеңес төрағасы Сүйесінов Игилик Нурданович: Осы уақытқа дейін қамқоршылық кеңестің мүшесі болып келген Е. Жаманбай жұмыс орнын ауыстыруына байланысты Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің мүшесі есебінен шығады. Оның орнына сіздердің келісімдеріңізбен Ахметов Нұрлан Ахтанұлын ұсынамын.

Қаулы:

1. Білім алушылармен ішкі тәртіп ережесінің сақталуын (мектеп формасының, мектепке алып келуге тыйым салынған заттарға жүргізілетін рейдтік жұмыстар) алдағы уақытта үздіксіз қадағаланып отыруы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Әлжановқа міндеттелсін.
2. 2022-2023 оқу жылында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі бойынша дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясының ұйымдастырылуы, жекелеген санаттағы білім алушыларға материалдық көмекпен, бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру мектептің әлеуметтік педагогы А.Қарамұқанға міндеттелсін.
3. Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің мүшесі есебіне Ахметов Нұрлан Ахтанұлы алынсын.

Кеңес төрағасы:  И.Сүйесінов
Кеңес хатшысы:  Г.Табынбай

Мүшелері:  Б.Елтоқ
 Ф.Төремұратов
 А.Қарымсакова
 А.Қалиева
 Ж.Есенғазин
 Е.Жаманбай
 М.Жартыбаев
 Ж.Төлегенов